



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ақша-кредит саясаты туралы баяндама: Ұлттық Банк болжамды  
2028 жылға дейін жаңартты

2026 жылғы 10 маусым

Астана қ.

Ұлттық Банк «Мамыр 2026. Ақша-кредит саясаты туралы баяндама» жариялады. [Баяндамада](#) болжамның алғышарттары, 2028 жылға дейінгі базалық және баламалы сценарийлер бойынша макроэкономикалық даму серпіні ұсынылған.

Құжат төлем балансының ағымдағы шотына қатысты болжамды, макроэкономикалық ахуал мен ақша, валюта және қаржы нарығындағы жағдай туралы деректерді де қамтиды.

Сонымен қатар, баяндамаға Таяу Шығыстағы қақтығыстың Қазақстан экономикасына әсері, бөлшек сауда динамикасын бағалаудағы маусымдық түзетудің рөлі және банк жүйесінде депозиттік ақша құру тетігі сияқты тақырыптарға бокстар енгізілген.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/obzor-inflyacii/rubrics/2611>

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)